

## **Сарқан ауданы әкімдігінің кейбір қаулыларының күші жойылды деп тану туралы**

Алматы облысы Сарқан ауданы әкімдігінің 2017 жылғы 16 мамырдағы № 107 қаулысы. Алматы облысы Әділет департаментінде 2017 жылы 31 мамырда № 4220 болып тіркелді

"Құқықтық актілер туралы" 2016 жылғы 6 сәуірдегі Қазақстан Республикасы Заңының 27-бабына сәйкес, Сарқан ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Осы қаулының қосымшасына сәйкес Сарқан ауданы әкімдігінің кейбір қаулыларының күші жойылды деп танылсын.

2. Осы қаулының орындалуын бақылау "Сарқан ауданы әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесінің басшысы Абибеков Бауыржан Бақытовичке жүктелсін.

3. Осы қаулы әділет органдарында мемлекеттік тіркелген күннен бастап күшіне енеді және алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Аудан әкімі*

*Е. Кошанбеков*

Сарқан ауданы әкімдігінің 2017 жылғы "16" 05 "  
Сарқан ауданы әкімдігінің кейбір қаулыларының  
күші жойылды деп тану туралы" № 107  
қаулысына қосымша

## **Сарқан ауданы әкімдігінің күші жойылды деп танылатын кейбір қаулыларының тізбесі**

1. "Сарқан ауданы әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесінің Ережесін бекіту туралы" 2015 жылғы 14 сәуірдегі № 210 (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 3158 тіркелген, 2015 жылдың 13 маусымында "Сарқан" аудандық газетінде жарияланған);

2. "Сарқан ауданы бойынша қоғамдық жұмыстарды ұйымдастыру туралы" 2015 жылғы 27 сәуірдегі № 213 (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 3168 тіркелген, 2015 жылдың 6 маусымында "Сарқан" аудандық газетінде жарияланған);

3. "Сарқан аудандық экономика және бюджеттік жоспарлау бөлімі" мемлекеттік мекемесінің Ережесін бекіту туралы" 2015 жылғы 9 маусымдағы № 272 (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 3273 тіркелген, 2015 жылдың 25 шілдесінде "Сарқан" аудандық газетінде жарияланған);

4. "Сарқан аудандық ішкі саясат бөлімі" мемлекеттік мекемесінің Ережесін бекіту туралы" 2015 жылғы 2 шілдедегі № 314 (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік

тіркеу тізілімінде № 3318 тіркелген, 2015 жылдың 14 тамызында "Сарқан" аудандық газетінде жарияланған);

5. "Сарқан аудандық тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы және тұрғын үй инспекциясы бөлімі" мемлекеттік мекемесінің Ережесін бекіту туралы" 2015 жылғы 2 шілдедегі № 315 (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 3322 тіркелген, 2015 жылдың 21 тамызында "Сарқан" аудандық газетінде жарияланған) ;

6. "Сарқан ауданының Лепсі ауылдық округі әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесінің Ережесін бекіту туралы" 2015 жылғы 2 шілдедегі № 317 (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 3316 тіркелген, 2015 жылдың 21 тамызында "Сарқан" аудандық газетінде жарияланған);

7. "Сарқан аудандық ветеринария бөлімі" мемлекеттік мекемесінің Ережесін бекіту туралы" 2015 жылғы 14 шілдедегі № 332 (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 3335 тіркелген, 2015 жылдың 9 қазанында "Сарқан" аудандық газетінде жарияланған);

8. "Сарқан ауданының қаржы бөлімі" мемлекеттік мекемесінің Ережесін бекіту туралы" 2015 жылғы 15 шілдедегі № 333 (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 3333 тіркелген, 2016 жылдың 7 қазанында "Сарқан" аудандық газетінде жарияланған);

9. "Сарқан аудандық жер қатынастары бөлімі" мемлекеттік мекемесінің Ережесін бекіту туралы" 2015 жылғы 24 шілдедегі № 362 (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 3365 тіркелген, 2015 жылдың 11 қыркүйегінде "Сарқан" аудандық газетінде жарияланған);

10. "Сарқан аудандық жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі" мемлекеттік мекемесінің Ережесін бекіту туралы" 2015 жылғы 24 шілдедегі № 363 (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 3363 тіркелген, 2015 жылдың 11 қыркүйегінде "Сарқан" аудандық газетінде жарияланған);

11. "Сарқан аудандық кәсіпкерлік бөлімі" мемлекеттік мекемесінің Ережесін бекіту туралы" 2015 жылғы 24 шілдедегі № 364 (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 3345 тіркелген, 2015 жылдың 18 қыркүйегінде "Сарқан" аудандық газетінде жарияланған);

12. "Сарқан аудандық сәулет және қала құрылысы бөлімі" мемлекеттік мекемесінің Ережесін бекіту туралы" 2015 жылғы 24 шілдедегі № 365 (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 3355 тіркелген, 2015 жылдың 4 қыркүйегінде "Сарқан" аудандық газетінде жарияланған);

13. "Сарқан ауданы жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі" мемлекеттік мекемесінің Ережесін бекіту туралы" 2015 жылғы 24 шілдедегі № 367 (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 3338 тіркелген, 2015 жылдың 28 тамызында "Сарқан" аудандық газетінде жарияланған);

14. "Сарқан ауданының Алмалы ауылдық округі әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесінің Ережесін бекіту туралы" 2015 жылғы 6 тамыздағы № 396 қаулысы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 3380 тіркелген, 2015 жылдың 18 қыркүйегінде "Сарқан" аудандық газетінде жарияланған);

15. "Сарқан аудандық мәдениет және тілдерді дамыту бөлімі" мемлекеттік мекемесінің Ережесін бекіту туралы" 2015 жылғы 12 тамыздағы № 406 қаулысы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 3438 тіркелген, 2015 жылдың 30 қазанында "Сарқан" аудандық газетінде жарияланған);

16. "Сарқан ауданының Амангелді ауылдық округі әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесінің Ережесін бекіту туралы" 2015 жылғы 7 қыркүйектегі № 477 (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 3469 тіркелген, 2015 жылдың 27 қарашасында "Сарқан" аудандық газетінде жарияланған);

17. "Сарқан аудандық ауыл шаруашылығы бөлімі" мемлекеттік мекемесінің Ережесін бекіту туралы" 2015 жылғы 14 қазандағы № 545 (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 3545 тіркелген, 2015 жылдың 25 желтоқсанында "Сарқан" аудандық газетінде жарияланған);

18. "Сарқан ауданының Сарқан қаласы әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесінің Ережесін бекіту туралы" 2015 жылғы 21 қазандағы № 555 (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 3521 тіркелген, 2015 жылдың 6 қарашасында "Сарқан" аудандық газетінде жарияланған);

19. "Сарқан ауданының Черкасск ауылдық округі әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесінің Ережесін бекіту туралы" 2015 жылғы 23 қазандағы № 562 қаулысы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 3568 тіркелген, 2016 жылдың 22 қаңтарында "Сарқан" аудандық газетінде жарияланған);

20. "Сарқан аудандық құрылыс бөлімі" мемлекеттік мекемесінің Ережесін бекіту туралы" 2015 жылғы 24 шілдедегі № 361 (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 3359 тіркелген, 2015 жылдың 4 қыркүйегінде "Сарқан" аудандық газетінде жарияланған);

21. "Сарқан ауданының Шатырбай ауылдық округі әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесінің Ережесін бекіту туралы" 2015 жылғы 6 тамыздағы № 397 қаулысы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 3379 тіркелген, 2015 жылдың 18 қыркүйегінде "Сарқан" аудандық газетінде жарияланған);

22. "Сарқан ауданының Қойлық ауылдық округі әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесінің Ережесін бекіту туралы" 2015 жылғы 17 тамыздағы № 426 (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 3419 тіркелген, 2016 жылдың 22 шілдесінде "Сарқан" аудандық газетінде жарияланған);

23. "Сарқан ауданының Бақалы ауылдық округі әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесінің Ережесін бекіту туралы" 2015 жылғы 20 тамыздағы № 429 (Нормативтік

құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 3434 тіркелген, 2015 жылдың 13 қарашасында "Сарқан" аудандық газетінде жарияланған);

24. "Сарқан ауданының Қарабөгет ауылдық округі әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесінің Ережесін бекіту туралы" 2015 жылғы 1 қыркүйектегі № 473 (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 3461 тіркелген, 2015 жылдың 13 қарашасында "Сарқан" аудандық газетінде жарияланған);

25. "Сарқан ауданының Қарашыған ауылдық округі әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесінің Ережесін бекіту туралы" 2015 жылғы 3 қыркүйектегі № 476 (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 3475 тіркелген, 2015 жылдың 30 қазанында "Сарқан" аудандық газетінде жарияланған);

26. "Сарқан ауданының Екіаша ауылдық округі әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесінің Ережесін бекіту туралы" 2015 жылғы 11 қыркүйектегі № 505 (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 3492 тіркелген, 2015 жылдың 27 қарашасында "Сарқан" аудандық газетінде жарияланған);

27. "Сарқан ауданында үгіттік баспа материалдарын орналастыру үшін орындарды белгілеу және кандидаттарға сайлаушылармен кездесуі үшін үй-жайлар беру туралы" 2016 жылғы 21 қаңтардағы № 12 (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 3703 тіркелген, 2016 жылдың 19 ақпанында "Сарқан" аудандық газетінде жарияланған).